

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЗАНДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

201 4 ж. 25. 12 ЖҮРГІЗІЛДІ

КУӘЛІК 48716-1901-А/8

БСН 101740017122

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

201 8 ж. 07. 11 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 101740017122

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 25.12 ЖЫЛ 2014

КУӘЛІК № 1730-1901-02-А/8

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ акционерлерінің
жалпы жиналысының
2018 жылғы «26» қазан шешімімен
(акционерлердің жалпы жиналысы
отырысының хаттамасы) №01
БЕКІТІЛДІ:

«АстанаГаз ҚМГ»
акционерлік қоғамының
Ж А Р Ғ Ы С Ы

Астана қ., 2018 жыл

1-БАП. ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

1. «АстанаГаз ҚМГ» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады, өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) (бұдан әрі – Заңнама деп аталады) және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

2. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

3. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

4. Қоғамның дербес теңгерімі, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі болады.

5. Қоғамның мемлекеттік және орыс тілдерінде мөртабандары, фирмалық бланктері және басқа деректемелері болады.

2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

6. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы – «АстанаГаз ҚМГ» акционерлік қоғамы, қысқартылған атауы – «АстанаГаз ҚМГ» АҚ;

орыс тіліндегі толық атауы – акционерное общество «АстанаГаз КМГ», қысқартылған атауы - АО «АстанаГаз КМГ»;

ағылшын тіліндегі толық атауы – «AstanaGas KMG» joint stock company, қысқартылған атауы – «AstanaGas KMG» JSC.

7. Қоғамның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12.

8. Қоғамның қызмет ету мерзімі – шектелмеген.

3-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ

9. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) және «Baiterek Venture Fund» акционерлік қоғамы Қоғамның акционерлері болып табылады.

4-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫ ҚҰЖАТТАРЫ

10. Осы Жарғы Қоғамның құрылтайшы құжаты болып табылады.

11. Барлық мүдделі тұлғалардың осы Жарғымен танысуға құқы бар.

5-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МӘНІ

12. Қоғамның мақсаты – дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде таза кірісті алу.

13. Келесілер Қоғам қызметінің мәні болып табылады:

1) инженерлік іздестірулер саласындағы қызмет және көмірсутек шикізаты саласында техникалық кеңестер беру;

2) магистральдық және өзге құбырларды, соның ішінде су құбырларын пайдалану;

3) мұнай және газ магистральдық құбырларын салу;

4) құбыр бойынша тасымалдау;

5) Қоғаммен пайдаланылатын магистральдық газ құбырлары объектілеріндегі өзге құрылыс-монтаж жұмыстары;

6) өз қажеттіліктері үшін монтаждалған жабдықты іске қосу және жөнге келтіру.

Заңнамамен белгіленген тәртіпте алу қажет лицензияның немесе рұқсаттың өзге түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттардың өзге түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

6-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

14. Қоғам Заңнамамен белгіленген барлық құқықтарға ие болады және Заңнамамен белгіленген барлық міндеттерді көтереді.

15. Қоғам акционерлер мүлкінен оқшауланған мүлікке ие болады. Қоғам акционерлердің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейді

16. Қоғам акционерлері Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейді және өздеріне тиесілі акциялар құнның шектерінде Қоғам қызметімен байланысты тәуекелдік шығындарын көтереді, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда.

17. Қоғам өз мүлкі шектерінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтереді.

18. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасаса алады, мүлктік және мүлктік емес жеке құқықтарға және міндеттерге ие болады, сотта қуыным иесі немесе жауапкер ретінде шыға алады, сондай-ақ заңнамаға қайшы келмейтін өзге әрекеттерді жасай алады.

19. Қоғам қорғалатын құжаттарға, технологияларға, ноу-хауға және басқа ақпаратқа иелік жасау және пайдалану құқығына ие бола алады және бере алады.

20. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өз филиалдарын және өкілдіктерін құра алады, өз мүлкі есебінен оларға негізгі және айналымдық қаржы бере алады және заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін белгілейді. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке баланстында және Қоғамның толық балансында ескеріледі.

21. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылық жасауды Бас директорымен тағайындалатын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдардың және өкілдіктердің басшылары Қоғаммен берілген сенімхат негізінде әрекет етеді.

22. Қоғам өндірістік қызметті жоспарлаумен, қызметкерлерге еңбекақы төлеумен, материалдық-техникалық жабдықтаумен, әлеуметтік дамумен, кірісті бөлумен, кадрларды іріктеумен, орналастырумен және қайта даярлаумен байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

23. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа қаржылық ұйымдарда ұлттық валютада, сондай-ақ шетелдік валютада шоттар ашуға құқылы.

24. Қоғам Заңнамаға сәйкес теңгемен және шетелдік валютада заемдар алуға және кредиттерді пайдалануға құқы бар.

25. Қоғам ішкі нормативтік және техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

26. Бас директор Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасымен Бас директордың шетелдік іссапарларын келіседі.

27. Қоғам акционерлердің ішкі аудит қызметтеріне барлық құжаттамаға, өндірістік және басқа объектілерге және кез-келген ақпаратқа, соның ішінде аудит барысында белгілі болған Қоғамның құпия ақпаратын жария етпеуді ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің тиісті шешімі болған жағдайда, Қоғамның компаниялар тобының коммерциялық және қызметтік құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпаратқа шектелмеген қол жетімділік береді.

28. Қоғам Заңнамада және Жарғы қарастырылған басқа құқықтарға ие болады және басқа міндеттерді көтереді.

7-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

29. Қоғам акционерлері келесі құқықтарға ие болады:

1) Заңнамамен және/немесе Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатыса алады;

2) Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан аса процентіне дербес түрде немесе басқа акционерлермен бірлесіп иелік еткенде, Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді Директорлар Кеңесіне ұсына алады;

3) дивидендтер ала алады;

4) Қоғамның, соның ішінде үлестес ұйымдардың қызметі туралы, соның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты қоса алғанда, Қоғам сауал алған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей ақпарат алуға, егер сауалда өзге мерзімдер белгіленбеген болса, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе Жарғымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

5) Қоғамның тіркеушісінен немесе номинал ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алуға;

6) Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін Акционерлердің жалпы жиналысына кандидатура ұсынуға;

7) Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібімен қарсы болуға;

8) Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес немесе одан аса процентіне дербес түрде немесе басқа акционерлермен бірлесіп иелік еткенде, Заңның 63 және 74-баптарында қарастырылған жағдайларда, Қоғамға келтірілген шығындарды лауазымды тұлғалардың өтеуі және лауазымды тұлғалардың және/немесе үлестес тұлғалардың жасасылуына мүдделілігі бар ірі мәмілелерді және/немесе мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс жасау) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде олармен алынған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына шағымдануға;

9) Қоғамның қызметі туралы хаттық сауалдармен Қоғамға жүгінуге және белгіленген мерзімдерде уәждеделген жауаптарды алуға;

10) Қоғам таратылғанда, оның мүлкінің бөлігіне;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Заңмен белгіленген тәртіпте оның акцияларына айырбасталатын Қоғамның бағалы қағаздарын немесе акцияларын басымдықпен сатып алуға;

12) Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;

13) Қоғамның аудитін өз есебінен аудиторлық ұйыммен өткізуді талап етуге;

14) Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға бастамашы болуға;

15) Қоғамның акциялар санын өзгерту немесе олардың түрін заңмен қарастырылған тәртіпте өзгерту туралы Акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылдауына қатысуға.

30. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыратын тұлғалар немесе орган үшін міндетті болып табылатын осы Жарғының 29-тармағының 2) тармақшасында қарастырылған талаптарды орындауға.

31. Акционерлер Заңнамамен және/немесе Жарғымен қарастырылған өзге құқықтарға ие болады.

32. Қоғамның акционерлері міндетті:

1) Заңнамамен және/немесе Жарғымен қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) Қоғамның акция ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтерді өзгерту туралы он күн ішінде Қоғамның тіркеушісіне және осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына хабарлауға;

3) коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілеріне сәйкес өзге міндеттерді орындауға.

33. Қоғам және Қоғамның тіркеушісі 32-тармақтың 2) тармақшасымен белгіленген талаптарды акционердің орындамау салдары үшін жауапкершілік көтермейді.

8-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

34. Қоғам акциялар және басқа бағалы қағаздар шығарылымын жүзеге асыруға құқылы. Бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналым жасау және өтеу шарты әрі тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен анықталады.

35. Қоғам тек жай акцияларды шығарады.

Жай акция Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін акционерлерге құқық береді. Жай акция сондай-ақ Қоғамда таза кіріс болған жағдайда, дивидендтер алуға және заңнамамен белгіленген тәртіппен Қоғам таратылғанда, Қоғам мүлкінің бөлігін алуға акционерлерге құқық береді.

36. Қоғам акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

37. Қоғам акциялардың жарияланған санының шектерінде бір немесе бірнеше орналастырулар арқылы олардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін өз акцияларын орналастыруға құқылы.

38. Орналастырылатын акциялардың төлемі ретінде ақша, мүліктік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге мүлік енгізілуі мүмкін, Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда.

Ақшадан басқа, өзге мүлікпен (бағалы қағаздарды қоспағанда) төлеу бағалаушымен анықталатын баға бойынша жүзеге асырылады.

39. Қоғам акциялары ұстаушыларының тізілімінің жүйесін жүргізуді Қоғам тіркеушісімен жүзеге асырылады.

40. Қоғам кепіл ретінде олармен орналастырылған бағалы қағаздарды ғана қабылдай алады, егер:

1) кепіл ретінде берілетін бағалы қағаздар толық төленген болса;

2) Қоғамға кепіл ретінде берілетін және онда кепілде тұрған акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес процентінен аспайтын болса, Қоғаммен сатып алынған акцияларды қоспағанда;

3) кепіл туралы шарт Акционерлердің жалпы жиналысымен мақұлданған.

9-БАП. ДИВИДЕНДТЕР

41. Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Қоғаммен төленетін, оларға тиесілі акциялар бойынша акционерлердің кірісі дивиденд болып табылады.

42. Дивидендтерді төлеу ақшамен немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен жүргізіледі. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы

қағаздарымен дивидендтер төлеу тек мына жағдайда жол беріледі, егер мұндай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен немесе олармен шығарылған акциялармен жүзеге асырылатын болса, акционерлердің жазбаша келісімі болған жағдайда.

43. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу тоқсандық, жарты жылдық немесе жылдық қорытындылар бойынша тиісті кезең үшін Қоғамның қаржылық есебіне аудит жүргізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

44. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданады.

Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, дивидендтер Акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленген мерзімде төленеді.

45. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы, ол жайында шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарына жариялай отырып, шешім қабылдауға құқы бар.

46. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде, бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

47. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде келесі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеуді бастау датасы;
- 5) дивидендтер төлеу тәртібі және нысаны;
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған жағдайда).

48. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап тоқсан күннен кешіктірмей, дивидендтер төленуі тиіс, Қоғам акциялары ұстаушыларының тізілімі жүйесінде акционердің актуальды деректемелері туралы мәліметтер болған жағдайда.

Акционердің актуальды деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғам акциялары ұстаушыларының тізілімі жүйесінде акционер жайында қажетті мәліметтердің енгізілгенін растайтын құжаты бар акционер Қоғамға жүгінген сәттен бастап тоқсан күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

49. Акционерлер Қоғам борышының пайда болу мерзіміне байланыссыз алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқы бар.

Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде дивидендтер төленбеген жағдайда, акционерлерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалатын күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесіне орай есептелетін өсімақы төленеді.

50. Қоғамның жай акциялары бойынша келесі жағдайларда дивидендтерді есептеп жазуға жол берілмейді:

1) Қоғамның меншікті капиталының мөлшері теріс болса немесе оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеп жазу нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының мөлшері теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе аталған белгілер оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеп жазу нәтижесінде пайда болса.

10-БАП. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

51. Келесілер Қоғам органдары болып табылады:

1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

2) басқару органы – Директорлар Кеңесі;

3) атқарушы орган – Бас директор.

Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау, ішкі бақылау саласында бағалау жүргізу, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласында құжаттардың орындалуы және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беру акционерлердің ішкі аудит қызметімен жүзеге асырылады.

11-БАП. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

52. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

53. Қоғам жыл сайын қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуі тиіс. Аталған мерзім есептік кезең ішінде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар Кеңесімен шақырылады.

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар Кеңесінің бастамасы бойынша немесе Қоғам акционерлерінің кез-келгенімен шақырылуы мүмкін.

54. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау және өткізу Қоғам Басқармасымен, Қоғам тіркеушісімен олармен жасасылған шартқа сәйкес, Директорлар Кеңесімен жүзеге асырылады, Қоғам таратылған жағдайда – Қоғамның тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.

55. Заңнамамен Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

56. Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шығаруға Директорлар Кеңесімен бастама жасалады.

57. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды Қоғам көтереді, Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда.

58. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының датасы мен өткізу уақыты оған қатысуға құқы бар тұлғалардың ең үлкен санының жиналысқа қатысуы мүмкін болатындай етіп тағайындалуы тиіс.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғам Басқармасы орналасқан елді мекенде өткізіледі.

59. Алдағы уақытта Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өтетіндігі туралы акционерлерге отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарлануы тиіс, ал сырттай дауыс немесе аралас дауыс берілген жағдайда – жиналыстың өткізілу датасынан қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарлануы тиіс.

60. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өтетіндігі туралы хабарлама акционерлердің мағлұматына оларға жазбаша хабар жіберу арқылы жеткізілуі тиіс.

59-тармақта белгіленген мерзімді есептеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өтетіндігі туралы хабарлама акционерлерге жіберілген датадан бастап жүргізіледі.

61. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өтетіндігі туралы хабарламада келесілер болуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шақырылуының бастамашысы туралы мәлімет;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілу датасы, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты, сондай-ақ егер бірінші жиналыс өтпеген болса, Қоғам акционерлерінің өткізілуі тиіс жалпы екінші жиналысының өткізілу датасы, уақыты;
- 4) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімін жасау датасы;
- 5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен акционерлерді таныстыру тәртібі;
- 7) жиналысты өткізу тәртібі;
- 8) сырттай дауыс беруді өткізу және сырттай дауыс беру рәсімін өткізу тәртібі ;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары, жиналыс сол нормаларға сәйкес өткізілуі тиіс.

62. Қоғам акционерлерінің жалпы екінші жиналысын өткізу Қоғам акционерлерінің (өтпеген) жалпы бірінші жиналысын өткізудің белгіленген датасынан кейінгі келесі күннен бұрын тағайындала алмайды.

63. Қоғам акционерлерінің жалпы екінші жиналысы Қоғам акционерлерінің жалпы бірінші жиналысы өткен жерде өтеді.

64. Қоғам акционерлерінің жалпы екінші жиналысының күнтізбесі Қоғам акционерлерінің жалпы бірінші өтпеген жиналысының күнтізбесінен өзгешеленбеуі тиіс.

65. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күнтізбесі Директорлар Кеңесімен қалыптастырылады және онда талқылауға

шығарылатын нақты тұжырымдалған сұрақтардың түпкілікті тізбесі болуы керек. Күн тәртібінде «эртүрлі», «өзге» және соған ұқсас кең түсініктегі тұжырымдамаларды қолдануға тыйым салынады.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күнтәртібі Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан аса процентіне дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иелік ететін акционермен немесе Жалпы жиналыстың өткізілу датасынан он бес күн бұрын мұндай толықтырулар туралы Қоғам акционерлері хабарланған жағдайда, Директорлар Кеңесімен немесе Жарғының 68-тармағында белгіленген тәртіпте толықтырылуы мүмкін.

66. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын ашу кезінде Корпоративтік хатшы күн тәртібін өзгерту жөнінде өзімен алынған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

67. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күнтәртібін бекіту жиналысқа ұсынылған дауыс беруші акциялардың жалпы санының басым бөлігімен жүзеге асырылады.

68. Күнтәртібіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін, егер олардың енгізілуіне Қоғамның екі акционері де (немесе олардың өкілдері) дауыс берсе.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау кезінде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күнтәртібі өзгертіле және/немесе толықтырыла алмайды.

69. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқы жоқ.

70. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қарауға шығарылатын мәселелер жөніндегі материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуы тиіс. Корпоративтік хатшы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күнтәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдардың қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.

71. Қоғам органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы ақпарат болуы тиіс:

1) тегі, аты, сондай-ақ ниеті бойынша – әкесінің аты;

2) білімі туралы мәлімет;

3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;

4) соңғы үш жылда атқарған қызметтері және жұмыс орындары туралы мәліметтер;

5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге ақпарат.

72. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күнтәртібіне Қоғамның Директорлар Кеңесін (Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Қоғамның Директорлар Кеңесіне мүшелікке ұсынылып отырған кандидат қай акционердің өкілі болып табылатындығы немесе ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатындығы көрсетілуі тиіс.

73. Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған, Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселелер жөніндегі материалдарда келесілер болуы тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) өткен қаржылық жыл үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы бір жыл үшін дивидендтің мөлшері туралы Директорлар Кеңесінің ұсыныстары;
- 4) лауазымды тұлғалардың әрекетіне акционерлердің жүгінулері және оларды қарау нәтижелері туралы ақпарат;
- 5) Қоғамның жылдық есебі;
- 6) Қоғамның Директорлар Кеңесінің қарауы бойынша өзге құжаттар.

74. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдар дайын болуы тиіс және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өтетін күннен он күн бұрын Қоғам акционерлерін таныстыру үшін Қоғам Басқармасының орналасқан жерінде қол жетімді болуы тиіс, ал Қоғам акционерлерінің кез-келгенінің сұрауы болған жағдайда, оған материалдар сауал алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс.

75. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңнамаға, Жарғыға және Қоғамның өзге ішкі құжаттарына немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының тікелей шешіміне сәйкес анықталады.

76. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы ашылғанға дейін акционерлердің өкілдерін тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына шақырылған тұлғалар қатыса алады, бұл ретте мұндай тұлғалардың жиналыс төрағасының рұқсатымен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында шығып сөйлеуге құқы бар.

77. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы төрағаны сайлауды жүргізеді.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы дауыс беру – ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру түрін белгілейді.

Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы болып табылады. Корпоративтік хатшы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығына әрі шүбәсіздігіне жауап береді.

78. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралғаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабылды деп жарияланады.

79. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас

дауыс беру) немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

80. Сырттай дауыс беруді жүргізу кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлер тізіміне қосылған тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

81. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде келесілер болуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыруға бастамашы болғандар туралы ақпарат;
- 3) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді тапсырудың ақырғы датасы;
- 4) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізу датасы немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізбей, сырттай дауыс беру санын есептеу датасы;
- 5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) сайлауға ұсынылып отырған кандидаттардың аттары, егер Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар Кеңесі мүшелерін сайлау мәселесі тұрған болса;
- 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
- 8) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «иә», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен өрнектелген дауыс беру варианттары;
- 9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру тәртібін түсіндіру (бюллетеньді толтыру).

82. Акционер-заңды тұлғаның сырттай дауыс беру бюллетеніне оның басшысы қол қоюы тиіс және заңды тұлғаның мөрі басылып расталған болуы керек.

Акционер-заңды тұлға басшысының қолы қойылмаған, сондай-ақ акционер-заңды тұлғаның мөрі басылмаған бюллетень күші жоқ деп саналады.

Дауыстарды есептеу кезінде акционердің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған мәселелер бойынша ғана және дауыс берудің ықтимал вариантының біреуін ғана белгілеген дауыстары есепке алынады.

83. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру «1 (бір) акция- 1 (бір) дауыс» принципі бойынша ғана жүзеге асырылады, келесі жағдайларды қоспағанда:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырлған жағдайларда, 1 (бір) акционерге ұсынылатын акциялар бойынша дауыстардың максимум санын шектеу;
- 2) Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде жинақтамалы дауыс беру;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша 1 (бір) дауыс беру.

Дауыс беру қорытындылары бойынша Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасайды және қол қояды.

Дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша акционердің ерекше пікірі болған жағдайда, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасына тиісті жазбаны енгізуі керек.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалғаннан кейін және қол қойылғаннан кейін, соның негізінде хаттама жасалған, толтырылған құпия және тікелей, сырттай дауыс беру бюллетеньдері (соның ішінде күші жоқ деп танылған бюллетеньдер) хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тігілуі тиіс.

Дауыс беру қорытындылары дауыс беру жүргізілген Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында жарияланады.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

84. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалуы әрі оған қол қойылуы тиіс.

85. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында келесілер көрсетіледі:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу датасы, уақыты және орны;
- 3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынылған Қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы (президиумы) және хатшысы;
- 8) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысып шығып сөйлеушілердің сөздері;
- 9) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінің дауыс беруге қойылған әрбір мәселесі бойынша акционерлер дауыстарының жалпы саны;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер.

Қоғамның Директорлар Кеңесін сайлау (Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қаралған жағдайда, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасында Директорлар Кеңесінің сайланған мүшесі қай акционердің өкілі

болып табылатындығы және/немесе Директорлар Кеңесінің қайсы бір сайланған мүшесі тәуелсіз директор болып табылатындығы көрсетіледі.

86. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасына келесілер қол қоюы тиіс:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы (президиум мүшелері) және хатшысы;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушы акционерлер.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда, хаттамаға берілген сенімхаттың негізінде оның өкілі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционер атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқы бар тұлға қол қояды.

87. 86-тармақта көрсетілген тұлғалардың біреуі хаттамада көрсетілген мазмұнмен келіспеген жағдайда, бұл тұлға бас тарту туралы жазбаша түсініктеме ұсына отырып, осы хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқы бар, жазбаша түсініктеме хаттамаға қоса тігілуі тиіс.

88. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу әрі дауыс беру құқығына берілген сенімхатпен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюдан бас тарту туралы жазбаша түсініктемемен бірге бірге тігіледі.

89. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері Қоғам Басқармасы орналасқан жерде сақталуы тиіс және танысу үшін акционерлерге кез-келген уақытта ұсынылуы керек. Акционерлердің талап етуі бойынша Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімдерінің көшірмелері берілуі тиіс

90. Егер барлық дауыс беруші акциялар меншік құқығымен және/немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен бір акционерге тиесілі болса, онда Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңнамамен және/немесе Жарғымен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер мұндай акционермен жеке дара қабылданады және жазбаша түрде ресімделуге жатады, егер бұл шешімдер артықшылығы бар акциялармен куәландырылған құқықтарды шектемейтін және қысым жасамайтын болса.

Жоғарыда аталған жағдайда, меншік құқығымен және/немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен Қоғамның барлық дауыс беруші акцияларына иелік ететін тұлға заңды тұлға болып табылатын болса, Заңнамамен және/немесе Жарғымен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай шешімдерді қабылдауға құқы бар органмен, лауазымды тұлғалармен немесе заңды тұлғаның қызметкерлерімен қабылданады, егер өзгедей сенімгерлікпен басқару шартында қарастырылмаған болса.

12-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ҚҰЗЫРЕТІ

91. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өсіру немесе Қоғамның жарияланып орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) есептеу комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру (іске асыру), соның ішінде жарияланған акциялар санының шектерінде Қоғамның орналастырылатын акцияларының саны, оларды орналастыру тәсілі және бағасы туралы шешімдер қабылдау;

7) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттарын және тәртібін белгілеу;

8) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешімдер қабылдау;

9) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешімдер қабылдау, мұндай айырбастың шарттарын және тәртібін анықтау;

10) Қоғамның қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметі үшін төленетін төлем мөлшерін белгіленген тәртіппен анықтау;

11) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы және өтемақы төлеу мөлшерін және шарттарын анықтау, сондай-ақ Директорлар Кеңесі туралы ережені бекіту;

12) алдағы кезендерде акционерлердің күтулерін бекіту және орындалуын мониторингтеу;

13) Қоғамның жеке жылдық қаржылық есептілігін, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебін бекіту;

14) есепті қаржылық жыл үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққанда дивиденд мөлшерін бекіту;

15) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдау;

16) Қоғамның акцияларын ерікті түрде делистингтеу туралы шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның ірі мәмілені жасасуы, соның (солардың) нәтижесінде мәміле туралы шешім қабылдау күнгі Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің құны елу және одан аса процент құрайтын Қоғаммен мүлік иеліктен шығарылады (иеліктен шығарылуы мүмкін), соның (солардың) нәтижесінде активтердің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу және одан аса проценті иеліктен шығарылады (иеліктен шығарылуы мүмкін);

18) жасалуына мүдделілік бар Қоғамның ірі мәмілені жасасуы туралы шешім қабылдау;

19) өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне араласуға Қоғамның қатысуы туралы немесе жиынтығында Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес процентін құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғаларға қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

20) «алтын акцияны» енгізу және жою;

21) заңға сәйкес ұйымдастырылмаған рынокта Қоғаммен акцияларды сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесін және әдістемеге өзгерістерді бекіту;

22) дивидендтік саясатты бекіту;

23) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерлерге, соның ішінде Заңнамаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарына ұсыну тәртібін белгілеу;

24) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілетін тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғамның Бас директорымен және Директорлар Кеңесімен қабылданатын құжаттарды қоспағанда);

25) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және/немесе Жарғымен олар бойынша шешімдер қабылдау акционерлердің ерекше құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.

92. Жарғының 91-тармағының 2), 3), 4) және 21) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті басымдығымен қабылданады.

Өзге мәселелер бойынша Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруге қатысушылардың Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады, егер Заңмен өзгедей белгіленбеген болса.

93. Олар бойынша шешімдер қабылдау Жарғының 91-тармағымен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді, егер өзгедей Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылмаған болса.

94. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының Қоғамның өзге органдарының Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша кез-келген шешімінің күшін жоюға құқы бар.

13-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

95. Қоғамның Директорлар Кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және/немесе Жарғымен Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне және Қоғамның Бас директорының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда. Директорлар Кеңесінің шешімдері осы Жарғымен белгіленген тәртіпте қабылданады.

96. Директорлар Кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырғаны үшін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының алдында жауапкершілік көтереді.

97. Жылдың қорытындысы бойынша Директорлар Кеңесі Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Директорлар Кеңесі туралы ережеде қарастырылған тәртіпте орындалған жұмыс туралы есеп тапсырады.

98. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын Директорлар Кеңесінің мүшелеріне олар өздерінің міндеттерін атқарған кезде, сыйақы төленуі және/немесе Директорлар Кеңесінің мүшесі функцияларын атқаруымен байланысты шығыстар өтелуі мүмкін. Мұндай сыйақылардың және өтемақылардың мөлшері акционерлердің шешімімен белгіленеді.

99. Егер осы Заңмен өзгедей белгіленбеген болса, Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу және Қоғамның даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясының орындалуына мониторинг жүргізу;

2) Жарғыға немесе оның жаңа редакциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау;

3) мәселелерді Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына шығару;

4) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Қоғамның сатып алуы туралы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту, өткен қаржылық жыл үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы бір жыл (жарты жыл немесе тоқсан) үшін дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарды Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыну;

6) Қоғамның жылдық есебін алдын ала бекіту және Қоғамның Директорлар Кеңесінің жылдық есебін мақұлдау;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) Қордың саясатын ескере отырып, Бас директордың өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы, сыйлықақы төлеу және әлеуметтік қолдау талаптарын белгілеу, тәртіптік жазалар қолдану туралы шешімдер қабылдау;

9) Директорлар Кеңесінің комитеттерін құру, олардың ережелерін бекіту, сондай-ақ комитеттердің мүшелерін сайлау;

10) Қоғам қызметкерлерінің штат санын, Қоғамның орталық аппаратының құрылымын бекіту;

11) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттік мерзімін мерзімінен бұрын тоқтату, Қордың саясатын ескере отырып, Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы, сыйлықақы төлеу және әлеуметтік қолдау талаптарын белгілеу, тәртіптік жазалар қолдану туралы шешімдер қабылдау;

12) Қоғам омбудсменін тағайындау, оның өкілеттік мерзімін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту;

13) Директорлар Кеңесімен бекітілетін тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғамның Бас директорымен қабылданатын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде аукциондарды өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарға жазылу, сондай-ақ Бас директордың және Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақыларының схемасын, оларға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талаптарын және тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту, сондай-ақ Директорлар Кеңесімен қабылданған құжаттарды күші жойылды деп тану;

14) Қоғам міндеттемелерінің оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан аса процентін құрайтын шамаға өсуі;

15) Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және тарату туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

17) заңды тұлғаларды құру туралы (құруға қатысу туралы) шешімдер қабылдау;

18) басқа заңды тұлғалардың он және одан аса процент акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алу немесе иеліктен шығару туралы Қоғамның шешімдер қабылдауы;

19) жасасылуына мүдделілік бар Қоғамның ірі мәмілені және мәмілені жасасуы туралы шешім қабылдау, Заңның 73-бабының 3-1 тармағына және 36-баптың 1-тармағының 17-1) тармақшасына сәйкес жасасылуы туралы шешім Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда;

20) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің бизнес-жоспарын және оған түзетулерді Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен белгіленген тәртіпте бекіту, сондай-ақ оның жүзеге асуына мониторинг жүргізу;

21) Бас директордың қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін, олардың нысаналық мәндерін бекіту, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қойылымдық мақсаттарын бекіту;

22) Қоғам қызметі туралы ақпаратты, соның ішінде қаржылық ақпаратты Директорлар Кеңесі мүшелерінің алу тәртібін және мерзімдерін белгілеу;

23) Қоғамның есепке алу саясатын және салықтық есепке алу саясатын бекіту;

24) Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он және одан аса проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

25) Қоғамның жалпы тәуекелдік тәбетін, Қоғамның әрбір негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейлерін бекіту және қабылданатын тәуекелдердің деңгейін шектеу үшін лимиттерді белгілеу;

26) Қоғамның тіркегішін және тәуекелдік картасын бекіту;

27) заңнамамен белгіленген тәртіпте Қоғамның Бас директорының басқа ұйымдарда қоса атқарушылық жұмысын келісу;

28) Қазақстан Республикасы үшін әлеуметтік маңызы бар, экономикалық тиімділігі төмен инвестициялық жобаларды іске асыру шартын белгілейтін мәмілелерді қоғамның жасасуы туралы Бас директордың шешімдерін мақұлдау;

29) Қоғамның және акцияларына Қоғам тікелей немесе жанама түрде иелік жасайтын заңды тұлғалардың активтерін басқару (қайта құру, қайта құрылымдау, тарату, сатып алу және/немесе иеліктен шығару, сенімгерлікпен басқаруға беру, ауыртпалық салу/құру және т.б мәселелерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) мәселелерін реттейтін құжатты бекіту, оның іске асуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ аталған құжатты периодты негізде қайта қарап шығу;

30) тағайындалуы Қоғамның Директорлар Кеңесімен келісілуі тиіс Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің лауазымдарының тізбесін белгілеу;

31) Қоғам тобында корпоративтік басқаруды дамытуға мониторинг жүргізу;

32) Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерін, олардың шектік, нысаналық мәндерін және шақыру мәндерін бекіту, сондай-ақ Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерінің шектік, нысаналық мәндеріне немесе шақыру мәндеріне жету мониторингін жүзеге асыру;

33) Қоғамның әкімшілік аппаратын орналастыру үшін қызметтік жеңіл автомобильдердің және аудан нормаларының тиісті болу нормативтерін анықтау;

34) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығыстарын өтеу тәртібін және шарттарын белгілеу;

35) қызметкерлерге мобильді байланысты пайдалану құқығын ұсынған кезде Қоғам қаржылары есебінен өтелетін шығыстардың лимиттерін, өкілдік шығыстарының лимиттерін белгілеу;

36) Қоғамның ақпаратты ашу мөлдірлігін және процестердің тиімділігін қарастыру;

37) қаржылық есепке аудит жүргізгені үшін аудиторлық қызметтің, сондай-ақ Қоғам акцияларының төлемі ретінде берілген немесе ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметін төлеу мөлшерін анықтау;

38) акционерлер саясатын ескере отырып, Қоғам қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қағидасын бекіту;

39) Қоғамның Бас директорының, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі сыртқы және ішкі аудиторлардың есептерін қарау әрі бағалау;

40) тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару жүйесінің тиімділігін бағалау және тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару жүйесінің жұмыс істеу тиімділігі туралы шешім қабылдау;

41) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық құпияны немесе заңнамамен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты анықтайды;

42) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын және ережелерін сақтау туралы Қоғам есебін бекіту;

43) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және/немесе Жарғымен қарастырылған өзге мәселелер, соның ішінде Қормен, Қоғамның Директорлар Кеңесімен бекітілген құжаттар бойынша Қоғамның Директорлар Кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер .

100. Қоғамның Директорлар Кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының деңгейінде ықтимал мүдделер қайшылығын, соның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалану және жасасылуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу кезінде қызмет бабын асыра пайдалануды қадағалауы әрі мүмкіндігінше жоюы керек;

2) Қоғамда Корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылау жасау тиіс.

101. Тізбесі Жарғының 99-тармағымен белгіленген сұрақтар шешу үшін Қоғамның Бас Директорына беріле алмайды.

Директорлар Кеңесі Жарғыға сәйкес Қоғамның Бас Директорының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің шешіміне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқы жоқ.

102. Директорлар Кеңесінің мүшелері келесілердің санатынан сайланады:

1) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылған (кеңес берілген) тұлғалар;

2) басқа тұлғалар (Жарғының 103-тармағымен белгіленген шектеулерді ескергенде).

103. Директорлар Кеңесінің мүшесі ретінде Қоғам акционері болып табылмайтын және акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылмаған физикалық тұлға сайлануы мүмкін. Мұндай

тұлғалардың саны Директорлар Кеңесі құрамының елу процентінен аспауы тиіс

104. Директорлар Кеңесінің мүшелігіне кандидаттар іскерлік және салалық ортада өз міндеттерін орындау және Қоғам әрі акционерлер мүддесі тұрғысынан бүкіл Директорлар Кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажет тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімге, біліктілікке, оң жетістіктерге және мінсіз беделге ие болуы керек. Директорлар Кеңесінің мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар Директорлар Кеңесі туралы ережеде белгіленген болуы тиіс.

Директорлар Кеңесінің мүшесі лауазымына келесі тұлға сайлана алмайды:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар тұлға;

2) мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп акцияларды сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аса мерзімде басқа заңды тұлғаның Директорлар Кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға. Аталған шешім мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп акцияларды сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған датадан кудейін бес жыл ішінде қолданылады;

105. Атқарушы органның басшысынан басқа, оның мүшелері Директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы Директорлар Кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде үш адамды құрайды. Директорлар Кеңесі құрамының кем дегенде отыз проценті тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар Кеңесін (Директорлар Кеңесін жаңа мүшесін) сайлау туралы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде Директорлар Кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатындығы көрсетілуі тиіс.

106. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 жылды құрайды. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімі Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жаңа Директорлар Кеңесін сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Акционерлер Директорлар Кеңесі мүшелерінің барлығының немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттік мерзімін мерзімінен бұрын тқтатуға құқы бар.

Кез-келген тұлғаны Директорлар Кеңесінің құрамына қатарынан 6 жылдан аса артық мерзімге сайлау Директорлар Кеңесінің құрамын сапалы түрде жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қарауға жатады. Бір тұлға қатарынан 7 жылдан артық мерзімге Директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда бір тұлғаның қатарынан 7 жылдан артық мерзімге сайлануына жол беріледі, бірақ бұл ретте мұндай тұлғаны Директорлар Кеңесіне сайлау жыл сайын жүргізілуі тиіс.

Директорлар Кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар Кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен жүзеге асырылады. Директорлар Кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар Кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда және акционерлер жаңа мүшесін сайлаған кезде, соңғысының өкілеттігі Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімі толығымен аяқталуымен бізмезгілде аяқталады.

107. Директорлар Кеңесінің төрағасы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен сайланады (тағайындалады).

Директорлар Кеңесінің төрағасы Заңнамен және жарғымен белгіленген тәртіпте клесілер үшін жауап береді:

1) Директорлар Кеңесіне басшылық жасау үшін жауап береді және оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді;

2) Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;

3) Қоғамның Директорлар Кеңесінің отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;

4) отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады;

5) Директорлар Кеңесі мүшелерінің тиімді жұмысын және Директорлар Кеңесі мүшелерінің және Қоғам Басқармасының арасында конструктивті қарым-қатынастарды қамтамасыз етеді;

6) ірі акционерлер арасында тиімді байланысты және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы көзқарасының Директорлар Кеңесіне дейін жеткізілуін қамтамасыз етеді;

7) ірі акционерлермен Қоғамның даму стратегиясын талқылауды қамтамасыз етеді;

8) Директорлар Кеңесі мүшелерінің дәл әрі айқын ақпаратты дер кезінде алуын қамтамасыз етеді;

9) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға ену бағдарламасының берілуін қамтамасыз етеді;

10) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақының мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын және әлеуметтік қолдау талаптарын белгілеу арқылы Қоғамның Бас директорымен Қоғам атынан еңбек шартын жасасады. Бұл ретте, осы еңбек шартында материалдық көтермелеудің Директорлар Кеңесімен белгіленген Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізумен тікелей байланысы қарастырылуы тиіс;

11) Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы мен олардың және Қоғамның Бас директорының сыйақысының мөлшері туралы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына жыл сайын хабарлайды;

12) Заңнамамен және Жарғымен қарастырылған өзге функцияларды орындайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесінің мүшелерінің біреуі орындайды.

108. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Бас директордың бастамасы бойынша немесе келесілердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) акционерлердің;

109. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар Кеңесінің төрағасына ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Бас директорға жүгінуге құқы бар, Бас директор Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті

Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе Бас директормен шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей шақырылуы керек.

Директорлар Кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлға міндетті түрде шақырыла отырып өткізіледі..

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібі Директорлар Кеңесімен анықталады.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін датадан кем дегенде жеті жұмыс күні бұрын ұсынылады.

Жасасылуына мүдделілік бар ірі мәмілені және/немесе мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратқа мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімі және шарттары, мәмілеге тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты және көлемі, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңның 69-бабының 1-тармағымен қарастырылған жағдайда) туралы мәлімет енгізілуі тиіс.

Қоғамның мәмілені жасасуына мүдделі тұлғалар жазбаша нысанда Директорлар кеңесінің назарына Заңның 72-бабында көрсетілген ақпаратты жеткізуі тиіс. Осы ақпарат Директорлар Кеңесіне жіберілетін материалдарға қоса тігіледі.

Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылатын, Қоғамның мәмілені жасасуына мүдделі тұлғалар, күндізгі отырысты жүргізу кезінде осы ақпаратты корпоративтік хатшы арқылы Директорлар кеңесінің отырысы жүргізілер алдында ұсынылады.

Аталған мәліметтер сырттай тәртіппен отырысты жүргізу кезінде бюллетендерде тиісті ақпаратты көрсету арқылы Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылатын, Қоғамның мәмілені жасасуына мүдделі тұлғалармен ұсынылады.

Сырттай тәртіппен Директорлар кеңесінің отырысын жүргізу туралы жазбаша хабарламаларға сырттай дауыс беру бюллетені қоса беріледі, ол бірыңғай нысанда Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне ұсынылады.

Сырттай дауыс беру бюллетенінде келесілер болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы және орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетенді корпоративтік хатшыға ұсыну датасы;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған сұрақтар және олар бойынша дауыс беру варианттары;
- 5) өзге мәліметтер.

Сырттай дауыс беру бюллетенін Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберу кезінде корпоративтік хатшы олардың дұрыс әрі бірыңғай түрде жасалғанын өз қолымен куәландырады.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада күндізгі отырыс өткізілген жағдайда, Директорлар кеңесі мүшесінің егер ол отырысқа қатыса алмайтын болса, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсініктеме болуы керек.

110. Директорлар кеңесінің мүшелері бейнеконференция (интерактивті аудиовизуальды байланыс), конференц-байланыс («телефондық кеңес» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бірмезгілде сөйлесуі), сондай-ақ байланыс құралдарының өзге түрлерін пайдалану арқылы Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алады. Мұндай отырыстарды қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдерін ресімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережемен анықталады.

Директорлар Кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына немесе корпоративтік хатшыға Директорлар Кеңесінің отырысына өзінің қатысуының мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлама арқылы Директорлар кеңесінің отырысы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге құқы бар.

Бұл ретте, мұндай күн тәртібі жөніндегі хабарламада келесілер болуы тиіс:

- 1) жасалу датасы;
- 2) жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі білдірілетін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша айқын өрнектелген ұстаным;
- 4) қолтаңба;
- 5) Директорлар Кеңесі мүшесінің қарауы бойынша күн тәртібіне жататын өзге мәліметтер.

Директорлар Кеңесінің мүшесімен ұсынылған күн тәртібінің мәселесі бойынша жазбаша хабарлама кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде есепке алынады және отырыстың хаттамасына тігіледі, онда күн тәртібінің мәселесі бойынша жазбаша хабарлама жіберген Директорлар Кеңесінің осы мүшесінің дауыс беруі туралы жазба жасалады.

Күн тәртібінің мәселесі бойынша жазбаша хабарлама Директорлар Кеңесінің мүшесімен Директорлар Кеңесінің төрағасына немесе корпоративтік хатшыға Директорлар Кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін ұсынылуы тиіс.

Егер күн тәртібінің мәселесі бойынша бұрынырақта жазбаша хабарлама жіберген Директорлар Кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру қолданылатын Директорлар Кеңесінің отырысына қатысуға әрі дауыс беруге келсе, онда оның жазбаша пікірі есепке алынбайды.

111. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум бойынша Директорлар Кеңесінің мүшелерінің кем дегенде жартысы болуы тиіс және бейнеконференция (интерактивті аудиовизуальды байланыс), конференц-байланыс («телефондық кеңес» режимінде Директорлар Кеңесі мүшелерінің бірізгі сөйлесуі), сондай-ақ байланыс құралдарының өзге түрлерін пайдалану ескеріле отырып, сондай-ақ болмаған Директорлар Кеңесінің мүшелері (олардың жазбаша түрде өрнектелген дауыстары болған жағдайда) ескеріле отырып анықталады.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында анықталған кворум үшін жеткілікті болмаса, Директорлар Кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселені Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қарауға шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек осы мәселені Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қарауға шығару туралы шешім қабылдауға құқы бар.

Осы Жарғының 99-тармағының 1), 5), 6), 8-11), 18-20) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының үштен екісін құрауы керек, бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысына тәуелсіз директорлардың көпшілігі қатысуы керек.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында анықталған кворум үшін жеткілікті болмаса, аталған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің келесі отырысына көшіріледі. осы тармақтың алдыңғы абзацында анықталған мәселелерді қайта қарау кезінде кворумға және тәуелсіз директорлардың санына қойылатын талап қолданылмайды.

112. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі отырысқа қатысып отырған немесе жазбаша пікірін ұсынған Директорлар Кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады, егер өзгедей Заңнамада немесе Жарғыда қарастырылмаса.

Дауыстар ең болған жағдайда, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етіп отырған тұлғаның даусы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі отырысты жабық түрде өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, ол отырысқа Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесімен қабылданған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің

мүшесі Заңмен немесе Жарғымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, сот тәртібі арқылы дауласуға құқы бар.

Заңмен немесе Жарғымен белгіленген талапты бұза отырып қабылданған Директорлар кеңесімен қабылданған шешім бойынша акционерлердің сот тәртібі арқылы дауласуға құқы бар, егер аталған шешіммен Қоғамның және/немесе оның акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса.

113. Жасасылуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы шешім оның жасасылуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелері дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады. Егер тәуелсіз директорлардан басқа, Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мұндай мәміленің жасасылуына мүдделі болса, онда шешім тәуелсіз директорлар дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар ең болған жағдайда, жасасылуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы шешім акционерлермен қабылданады.

114. Директорлар кеңесі төрағасының қарауы бойынша Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады. Бұл ретте отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетендер қолданылады.

Осы Жарғының 99-тармағының 1), 5), 6), 8-11), 18-20) тармақшаларымен анықталған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдана алмайды.

Сырттай отырыста мәселені қарау бойынша ең құрығанда Директорлар кеңесінің бір мүшесі қарсы болған жағдайда, мәселе келесі кезекті күндізгі отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

Сырттай дауыс беру шешімі бюллетенде белгіленген мерзімде кворум болған жағдайда, қабылданды деп саналады. Сырттай дауыс беру бюллетеніне Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс. Қол қойылмаған бюллетеннің күші жоқ деп танылады. Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған корпоративтік хатшы және Директорлар Кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс және онда келесілер болуы тиіс:

- 1) АҚ-тың атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыстың шешімін жазбаша ресімдеу датасы, орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәлімет;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған тұлғаны (органды) көрсету керек;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болғаны/болмағаны туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;
- 8) өзге мәліметтер.

Шешім ресімделген датадан бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар Кеңесінің мүшелеріне бюллетеньдер қоса беріліп жіберілуі тиіс, соның негізінде осы шешім қабылданған.

115. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, ол жасалуы тиіс және оған Директорлар кеңесінің мүшелері және корпоративтік хатшы отырыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қоюы тиіс және онда келесілер болуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу датасы, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесі әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, дауыс беру қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар Кеңесі мүшесінің дауыс беруі туралы жазба (мұндай жазбаша хабарлама болған жағдайда);

8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер белгіленген тәртіппен корпоративтік хатшыда сақталады және архивке тапсырылады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімді танысу үшін беруге және/немесе Қоғамның уәкілетті қызметкернің қолымен расталған хаттаманың және шешімнің үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

116. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесінің ұсынымдарын дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарастырады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге мәселелер.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылған болуы мүмкін, Директорлар кеңесінің жеке дара комитетімен қаралатын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда.

Директорлар Кеңесінің комитеттері Директорлар Кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімге ие сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына осы тармақтың екінші бөлімінің тармақтарында қарастырылған мәселерді қарау кіретін Директорлар кеңесі

комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады

Қоғамның Бас директоры Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесінің комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

14-БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫ

117. Ағымдағы қызметке басшылық жасауды Қоғамның Бас директоры жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша, соның ішінде келесі мәселелр бойынша Бас директор шешім қабылдауға құқы бар:

1) акционерлердің, Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) Қоғам атынан оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында сенімхатсыз әрекет етеді, шарттарға, кепілдіктерге қол қоюды қоса алғанда;

3) осы Жарғының 5) тармақшасында көрсетілген мәмілелер жасау бойынша құқықты қоса алғанда, Қоғам атынан оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында Қоғам атынан шығуға құқықтар береді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен басқа органдардың құзыретіне жатқызылған құқықтарды қоспағанда, акционердің (соның ішінде ірі акционердің), акциялар пакеті немесе қатысу үлесі Қоғамға тиесілі заңды тұлғаларға қатысушының құқықтарын жүзеге асырады;

6) Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамға қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды, орын ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу және тәртіптік жазаға тарту шараларын қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілейді, корпоративтік хатшыны қоспағанда;

7) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

8) Қоғам жұмысының – ағымдағы және перспективті жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

9) акционерлер, Директорлар кеңесі алдында Қоғам жұмысы үшін жауапкершілік көтереді;

10) Қоғамның банктік және басқа шоттарын ашады;

11) құзыреті шектерінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;

12) құрылымдық бөлімшелер туралы ережені қоса алғанда, ішкі нормативтік құжаттарды, сондай-ақ оларға өзгерістерді және/немесе толықтыруларды бекітеді;

13) жыл сайын аудит жүргізуге Қоғам атынан аудиторлық ұйыммен шарт жасасады;

14) Қоғамның операциялық қызмет бойынша жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық және өзге саясатын жүзеге асыруды қоса алғанда;

15) Директорлар кеңесіне Қоғам қызметіндегі барлық маңызды оқиғалар туралы хабарлайды;

16) Қоғамның кадрлық саясатын іске асырады, соның ішінде еңбек тәртібінің қағидасын бекітеді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және/немесе Жарғымен басқа органдардың құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мәмілелерді жасасуы туралы шешім қабылдайды;

18) Қоғам міндеттемелерінің оның меншікті капиталы мөлшерінің бір процентінен бастап он процентке дейінгі шамаға өсуі туралы шешім қабылдайды;

19) басқа ұйымдарды құруға Қоғамның қатысуы, сондай-ақ акционерлер немесе Директорлар кеңесі шешімдерінің негізінде сатып алынған үлестерді және акцияларды иеліктен шығару туралы ұсыныстарды Директорлар Кеңесінің құзыретіне сәйкес олардың қарауына шығарады;

20) басқа заңды тұлғалардың он процентке дейінгі акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) Қоғамның сатып алуы немесе иеліктен шығаруы туралы шешім қабылдайды;

21) Қоғамның жылдық қаржылық есебін мақұлдайды;

22) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде Қоғамның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы Директорлар кеңесіне ұсыныс енгізеді;

23) Қоғамның филиалдарының, өкілдіктерінің, сондай-ақ еншілес ұйымдарының және тәуелді қоғамдарының жұмысын үйлестіреді;

24) Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның орталық аппаратының құрылымын ескере отырып, қызметкерлердің жалпы санының шектерінде штаттық кестені бекітеді, сондай-ақ Қоғамның филиалдарының, өкілдіктерінің құрылымын, штаттық кестесін, персонал санын бекітеді;

25) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылатын шешімдерді шығарады және нұсқауларды береді;

26) Директорлар кеңесімен бекітілген құжаттар тізбесіне кірмейтін, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

27) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

28) белгіленген тәртіппен Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмекті көрсетуі туралы шешім қабылдайды;

29) Қоғаммен акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асыру кезінде құрылымдық бөлімшелердің өзара әрекеттесу тәртібін белгілейді;

30) Қоғамның даму стратегиясының жобаларын, сондай-ақ Қоғамның жеке және шоғырландырылған бизнес жоспарларының жобасын және

Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің жеке және шоғырландырылған бизнес жоспарларының жобасына түзетулерді әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне ұсынады;

31) Қоғамның даму стратегиясының, сондай-ақ Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің бизнес жоспарының іске асуын жүзеге асырады, олардың орындалуы үшін жауапкершілік көтереді, сондай-ақ жыл сайын Директорлар Кеңесіне Қоғамның даму стратегиясының, сондай-ақ Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің бизнес жоспарының іске асуы туралы есептер ұсынады;

32) Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының шоғырландырылған бизнес жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, орындау, түзету және мониторингтеу қағидасын бекітеді, Қоғамның бизнес жоспарының орындалуы үшін жауапкершілік көтерді;

33) Қоғамда бухгалтерлік есепті ұйымдастырады, амортизация нормаларын белгілейді, бірақ заңнамамен белгіленген шекті нормадан жоғары емес;

34) жоспарланған өткен жылдың алдындағы жылдың жиырмамыншы наурызына дейін Қоғамның акциялары бойынша акционерлерге дивидендтер мөлшерінің болжамдық көрсеткіштерін ұсынады;

35) Қоғамның жылдық есебінің жобасын Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне енгізеді;

36) Қоғамның есепке алу саясатының және салықтық есепке алу саясатының әзірленуін және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынылуын қамтамасыз етеді;

37) тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді, Директорлар Кеңесімен бекітілетін ішкі құжаттарды қоспағанда;

38) тәуекелдік тәбеті деңгейінің сақталуы және Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі үшін жауапкершілік көтереді;

39) Қоғамдағы негізгі тәуекелдіктердің жағдайы туралы Директорлар Кеңесіне уақтылы хабарлайды;

40) ішкі құжаттармен белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесі, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімдерінің, Қоғамның шоғырландырылған жылдық қаржылық есебіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ұсынымдарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

41) Қоғам меншігіне қатысты заңсыз әрекеттерді тудыратын себептер мен жағдайларды анықтау бойынша жұмысты ұйымдастырады;

42) Қоғам Жарғысымен белгіленген тәртіпте акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат ұсынады;

43) Қоғам қызметкерлерін оқытуға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

44) олар бойынша шешімдер қабылдау оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша құжаттарды Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының қарауы үшін дайындайды;

45) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту тәртібін анықтайды, Жарғының 99-тармағының 13) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоспағанда;

46) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі есептерді дайындайды және Директорлар кеңесінің қарауына шығарады;

47) Қоғам қызметінің заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

48) Қоғам қызметкерлерінің штаттық саны, орталық аппаратының құрылымы жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

49) олар бойынша шешім қабылдау Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала мақұлдайды;

50) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

118. Бас директор Қоғам қызметі туралы ақпараттың, соның ішінде құпия сипаттағы ақпараттың оларға жүктелген функциялар орындалған кезде Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесімен белгіленген тәртіпте, сауал алынған датадан бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді, егер өзгедей мерзім сауалда белгіленбесе.

119. Бас директор акционерлердің шешімдерін орындауға міндетті.

Қоғаммен белгіленген шектеулерді бұза отырып, Бас директормен жасасылған мәміленің пәрменділігіне дау айтуға Қоғамның құқы бар, егер мәмілені жасасу сәтінде мұндай шектеулердің бар екендігін Тараптардың білгенін дәлелдей алса.

120. Бас директордың атқарушы орган басшысы немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқы жоқ.

Бас директордың функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен, сондай-ақ Қоғаммен жасасылатын еңбек шартымен анықталады. Бас директормен еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе акционерлермен немесе Директорлар кеңесімен бұған уәкілеттік берілген тұлға қол қояды.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 140-бабында көзделген негіздер бойынша Бас директормен еңбек қатынастарын тоқтату Жарғының нормалары ескеріле отырып, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

121. Басшы қызметкерлердің тізбесі Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

15-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

122. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына және атқарушы органға сайлана алмайды.

123. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

16-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

124. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесінің мүшелері, Бас директор):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғамның және оның акционерлерінің мүдделерін ең жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдаланады;

2) Қоғам Жарғысына, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар Кеңесінің шешімдеріне қайшы келе отырып, Қоғам мүлкін пайдаланбауы керек немесе пайдалануға жол бермеуі керек, сондай-ақ жеке мақсаттарында Қоғам мүлкін пайдаланбауы және өзінің үлес тұлғаларымен мәмілелер жасасу кезінде өзінің қызмет бабын асыра пайдаланбауы керек;

3) тәуелсіз аудитті жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Заңнама талаптарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпараттың ашылуына және ұсынылуына бақылау жасайды;

5) Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялығын сақтауға міндетті, соның ішінде Қоғам жұмысын тоқтатқан сәттен бастап үш жыл ішінде, егер өзгедей Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленбеген болса.

Директорлар Кеңесінің мүшелері:

1) Заңнама, Жарғы және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Қоғам және оның акционерлерінің мүдделері тұрғысынан ақпараттық, мөлдірлік негізінде әрекет етуге ;

2) акционерлерге әділ болуға, корпоративтік мәселелер бойынша тәуелсіз, объективті пікір айтуға;

Бас директор зиянның алдын алу, Қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті .

125. Директорлар кеңесінің мүшелері Заңнама, Жарғы және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Қоғам және оның акционерлерінің мүдделері тұрғысынан ақпараттық, мөлдірлік негізінде әрекет етуге тиіс.

126. Қоғамның лауазымды тұлғалары олардың әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі нәтижесінде келтірілген зиян және қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, келесі әрекеттер нәтижесінде Қоғам көтерген зиян үшін Қоғам алдында заңнамамен белгіленген жауапкершілікті көтереді:

1) адасуға апаратын ақпаратты немесе қасақана жалған ақпаратты бергені үшін;

2) ақпаратты берудің заңмен белгіленген тәртібін бұзғаны үшін;

3) адал емес әрекет және/немесе әрекетсіздік нәтижесінде Қоғамның зиянға ұшырауына алып келген, жасасылуына мүдделілік бар ірі мәмілелерді және/немесе мәмілелерді, соның ішінде Қоғаммен мұндай мәмілелерді жасасу арқылы олардың немесе олардың үлестес тұлғаларының пайда табуы мақсатында жасасу туралы ұсыныстар және/немесе жасасу туралы шешім қабылдау туралы ұсыныстар үшін.

127. Жасасылуына мүдделілік бар ірі мәмілелерді және/немесе мәмілелерді жасасу туралы шешімді Заңнамамен және/немесе Жарғымен қарастырылған жағдайларда акционерлердің қабылдауы, соның ішінде Қоғамның зиянға ұшырауына алып келген, олардың немесе олардың үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) табуы мақсатында оларды жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны немесе адал емес әрекет жасаған немесе өзі мүшесі болып табылатын Қоғам органының отырысында әрекетсіздік танытқан лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатпайды.

128. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде Қоғам немесе акционерлер өз атынан Қоғамға келтірілген зиянды немесе шығындарды лауазымды тұлғаның орнын толтыруы қуынымымен, сондай-ақ Қоғамның зиянға ұшырауына алып келген, олардың немесе олардың үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) табуы мақсатында лауазымды тұлға адал емес әрекет жасаған немесе әрекетсіздік танытқан жағдайда, жасасылуына мүдделілік бар ірі мәмілелерді және/немесе мәмілелерді лауазымды тұлғаның немесе оның үлестес тұлғаларының жасасуы (жасасуға ұсыныс жасауы) нәтижесінде алынған кірісті Қоғамға қайтару туралы қуыныммен сотқа жүгінуге құқы бар.

129. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде Қоғам немесе акционерлер өз атынан үшінші тұлғамен жасасылған мәміле негізінде Қоғамға келтірілген шығындардың орнын толтыру туралы Қоғамның лауазымды тұлғасына және/немесе үшінші тұлғаға қарсы сотқа арызбен шыға алады, егер үшінші тұлғамен келісім нәтижесінде Қоғамның лауазымды тұлғасы заңнаманың, Жарғының және Қоғамның ішкі құжаттарының немесе өзінің еңбек шартының талаптарын бұза отырып, әрекет жасаса.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде Қоғам немесе акционерлер өз атынан сотқа жүгіну тәртібі заңның және заңнаманың ережелерімен белгіленеді.

130. Экономикалық қызмет саласында меншікке қарсы қылмыс және қызмет мүдделеріне қарсы әрекет жасағаны үшін сотпен кінәлі деп танылған, сондай-ақ аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер қылмыстық жауапкершіліктен босатылған Қоғамның лауазымды тұлғалары заңмен белгіленген соттылықты өтеу немесе соттылықты алу немесе қылмыстық жауапкершіліктен босатылу датасынан бастап бес жыл бойы Қоғамның лауазымды тұлғаларының міндеттерін атқара алмайды.

131. Егер Қоғамның қаржылық есебі Қоғамның қаржылық жағдайын бұрмалайтын болса, осы қаржылық есепке қол қойған Қоғамның лауазымды

тұлғалары соның нәтижесінде материалдық зиян шеккен үшінші тұлғалар алдында жауап береді.

132. Мемлекеттік қызметкер болып табылатын және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын Қоғамның лауазымды тұлғаларына сыйақылар және өтемақылар төленбейді.

17-БАП. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТ

133. Күнтізбелік жыл (1-қаңтардан 31 желтоқсан бойынша) Қоғамның қаржылық жылы болып табылады.

Қоғамда бухгалтерлік есепке алуды жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің халықаралық стандартымен белгіленеді.

134. Бас директор Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына жыл сайын өткен жыл үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген жылдық қаржылық есепті талқылау әрі бекіту үшін ұсынады. Қаржылық есептен басқа Бас директор Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына аудитордың ұсынымдарын (басшылыққа хат) қоса отырып, аудиторлық есепті ұсынады.

135. Жылдық қаржылық есеп ол Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қарауға шығару датасынан отыз күн бұрын Директорлар Кеңесімен алдын ала бекітілуге жатады.

Қоғамның шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін түпкілікті бекітуде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жүзеге асырады.

136. Қоғамның жылдық қаржылық есебі заңнамамен белгіленген тәртіпте жарияланады.

Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын Қоғамның жылдық қаржылық есебін және аудиторлық есепті уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте және мерзімде жариялауға міндетті. Қоғамның өзге қаржылық есепті қосымша жариялауға құқы бар.

Жасасылуына Қоғамның мүдделілігі бар ірі мәмілені және/немесе мәмілені жасасу туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Қоғамның жылдық қаржылық есебіне арналған түсіндірме жазбада ашылып жазылады. Нәтижесінде Қоғам активі мөлшерінің он және одан аса проценті сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміле Тараптары, мерзімдері мен шарттары, мәмілеге тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты және көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ мәміле туралы өзге мәліметтер болуы керек.

137. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті.

138. Қоғамға аудит Директорлар кеңесінің, Бас директордың бастамасы бойынша Қоғам есебінен немесе кез-келген акционердің талап етуі бойынша соның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте акционерлер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Кез-келген акционердің талап етуі бойынша аудит

жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйыммен сұратылатын барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуы тиіс

Егер Бас директор Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез-келген мүдделі тұлғаның қуынымы бойынша сот шешімімен жүргізілуі мүмкін.

18-БАП. ҚОҒАМ АҚПАРАТЫН АШУ. ҚОҒАМ ҚҰЖАТТАРЫ

139. Қоғам өзінің қызметі туралы ақпаратты Қоғамның корпоративтік сайтында (www.astanagas.kz) және/немесе бағалы қағаздар рыногына қадағалауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның заңнамалық және нормативтік-құқықтық актісімен белгіленген мерзімді басылымда жарялайды.

Қоғам жылдық есепті Қоғамның корпоративтік сайтына (www.astanagas.kz) ол Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген күннен бастап 10 күн ішінде орналастырады.

Қоғам акционерлердің және инвесторлардың назарына заңмен белгіленген корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Қоғам Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің, корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, Қоғамның шоғырландырылған жылдық қаржылық есебінің және аудиторлық есептердің қағаздар рыногына қадағалауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның заңнамалық және нормативтік-құқықтық актісімен белгіленген тәртіпте және мерзімде Интернет-ресурста орналасуын қамтамасыз етеді.

Егер заңмен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен ақпаратты жариялау (акционерлердің назарына жеткізу) мерзімдері қарастырылмаған болса, онда бұл ақпарат пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлердің назарына жеткізіледі).

Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасы (шақыру) Қоғаммен алынған датадан бастап акционермен жеті жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

Нәтижесінде Қоғам активі мөлшерінің он және одан аса проценті сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміле Тараптары, мерзімдері мен шарттары, мәмілеге тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты және көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ өзге мәмілелер туралы мәліметтер болуы тиіс.

140. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ұсыну Заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Кез-келген акционердің оған ақпаратты немесе Жарғының осы бабында көрсетілген құжаттардың көшірмесін ұсыну туралы сауалы бойынша Қоғам оларды, егер сауалда өзгедей мерзім сауалдар белгіленбеген болса, сауал

алынған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде белгіленген тәртіппен өтініш иесіне ұсынуға міндетті.

Қызметтік, коммерциялық құпияны және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпараты бар, Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналымының және айырбасталуының жекелеген мәселелерін реттейтін құжаттар акционерлердің талап етуі бойынша танысуға ұсынылуы тиіс.

Қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлері тізімінің жүргізілуін Қоғам қамтамасыз етеді.

Кез-келген акционердің мүдделерін қамтитын Қоғам қызметі туралы ақпарат ұсыну Заңға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

141. Қоғам қызметіне қатысы бар құжаттар Қоғам қызметінің бүкіл мерзімінде Қоғамның орналасқан жері бойынша немесе Бас директордың шешімі бойынша өзге жерде Қоғаммен сақталуға жатады.

Заңның 80-бабында көрсетілген құжаттар сақтауға жатады.

142. Жарғының 141-тармағында көрсетілмеген өзге құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі заңнамаға сәйкес белгіленген мерзімде сақталады .

143. Қоғамның кез-келген акционерінің талап етуі бойынша Қоғам Заңмен және Жарғымен қарастырылған құжаттардың көшірмелерін оған беруге міндетті. «Құпия», «Қызметтік пайдалану үшін» белгілері бар, акционерлерге белгілі болған Қоғам қызметі туралы ақпарат үшінші тұлғаларға жазбаша немесе басқа түрде беріле алмайды, Қазақстан Республикасының осы мәселелер бойынша құзыреттілігі бар мемлекеттік органдарын қоспағанда. Өзге тұлғаларға құпия ақпаратты ашу тек Бас директордың келісімі бойынша ғана мүмкін болады..

144. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларымен ұсынылған мәліметтер негізінде өздерінің үлестес тұлғаларын есепке алуды жүргізеді.

Қоғам бағалы қағаздар рыногына қадағалауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органға өзінің үлестес тұлғаларының тізімін белгіленген тәртіппен ұсынады.

145. Акционерлер және Қоғамның лауазымды тұлғалары үлестестік туған күннен бастап өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға жеті күн ішінде ұсынады.

Егер бұрынырақта акционермен немесе Қоғамның лауазымды тұлғаларымен үлестес тұлға ретінде көрсетілген тұлға үлестес болмай шықса, онда акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы бұл жайында бес күн ішінде Қоғамға хабарлайды.

Тұлғалардың үлестестігі туралы ақпарат Қоғамға бағалы қағаздар рыногына қадағалауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның тиісті талаптарын орындауға мүмкіндік беретін көлемде ұсынылады.

19-БАП. ҚОҒАМ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

146. Қоғам меншігін және оған тиесілі құқықтарды құқық тұрғысынан қорғау заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

20-БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

147. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге негіздер бойынша Қоғам қайта құрылуы және таратылуы мүмкін.

Қоғамды қайта құру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және өзге нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі.

21-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

148. Егер Жарғы ережелерінің біреуінің күш жоқ болса, онда бұл қалған ережелердің күшін жоймайды. Жарғының күші жойылған ережесі мағынасы жағынан жақын және құқықтық тұрғыдан рұқсат етілген басқа ережемен ауыстырылады

149. Жарғы бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

Бас директор



С. Макашев

УТВЕРЖДЕН

Решением Общего собрания акционеров
АО «АстанаГаз КМГ»

(протокол заседания Общего собрания
акционеров) № 01

от « 26 » октября 2018 года

У С Т А В
акционерного общества
«АстанаГаз КМГ»

г. Астана, 2018 год

СТАТЬЯ 1. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС

1. Акционерное общество «АстанаГаз КМГ» (далее – Общество) является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан осуществляет свою деятельность в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее – Закон) и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан (именуемые далее – Законодательство), а также настоящим Уставом (далее – Устав) и Кодексом корпоративного управления Общества.

2. Общество обладает статусом юридического лица с момента государственной регистрации в органах юстиции.

3. Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.

4. Общество имеет самостоятельный баланс, банковские счета, печать с указанием полного фирменного наименования на государственном и русском языках.

5. Общество может иметь штампы на государственном, русском языках, фирменные бланки и другие реквизиты.

СТАТЬЯ 2. НАИМЕНОВАНИЕ, МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ И СРОК ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

6. Наименование Общества:

полное наименование на государственном языке – «АстанаГаз ҚМГ» акционерлік қоғамы, сокращенное – «АстанаГаз ҚМГ» АҚ;

полное наименование на русском языке – акционерное общество «АстанаГаз КМГ», сокращенное - АО «АстанаГаз КМГ»;

полное наименование на английском языке – «AstanaGas KMG» joint stock company, сокращенное – «AstanaGas KMG» JSC.

7. Место нахождения Общества: 010000, Республика Казахстан, город Астана, район Есиль, улица Әлихан Бөкейхан, 12.

8. Срок деятельности Общества – не ограничен.

СТАТЬЯ 3. АКЦИОНЕРЫ ОБЩЕСТВА

9. Акционерами Общества являются акционерное общество «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» (далее - Фонд) и акционерное общество «Baiterek Venture Fund».

СТАТЬЯ 4. УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ОБЩЕСТВА

10. Настоящий Устав является учредительным документом Общества.

11. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с Уставом.

СТАТЬЯ 5. ЦЕЛЬ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

12. Цель Общества – получение чистого дохода в ходе осуществления самостоятельной хозяйственной деятельности.

13. Предметом деятельности Общества являются:

- 1) деятельность в области инженерных изысканий и предоставление технических консультаций в области углеводородного сырья;
- 2) эксплуатация магистральных и иных трубопроводов, в том числе водоводов;
- 3) строительство нефтяных и газовых магистральных трубопроводов;
- 4) транспортирование по трубопроводу;
- 5) прочие строительные-монтажные работы на объектах магистральных газопроводов, эксплуатируемых Обществом;
- 6) пуск и наладка смонтированного оборудования для собственных нужд.

